

ҚАЗАҚ БАС СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС АКАДЕМИЯСЫ

ПӘН: ФИЛОСОФИЯ

№4 ТАҚЫРЫП
АНТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ
(2 сағат)

орындаған: ЖГДФ ассоц. профессоры Ақбаева Л.Н.

Алматы 2015

ДӘРІС ЖОСПАРЫ

1-сағат

1. АНТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ.
2. МИЛЕТ МЕКТЕБІ: ФАЛЕС, АНАКСИМАНДР, АНАКСИМЕН.
3. ГЕРАКЛИТ ЭФЕССКИЙ ФИЛОСОФИЯСЫ.
4. ЭЛЕЙ МЕКТЕБІ: ПАРМЕНИД, ЗЕНОН.
5. АТОМИСТЕР МЕКТЕБІ: ДЕМОКРИТ ФИЛОСОФИЯСЫ.
6. ПИФАГОР МЕКТЕБІ.
7. СОФИСТЕР МЕКТЕБІ: ПРОТАГОР.

2-сағат

8. СОКРАТ ФИЛОСОФИЯСЫ.
 9. ПЛАТОН ФИЛОСОФИЯСЫ.
 10. АРИСТОТЕЛЬ ФИЛОСОФИЯСЫ.
 11. СТОИЦИЗМ МЕКТЕБІ.
 12. ЭПИКУР ФИЛОСОФИЯСЫ.
 13. СКЕПТИЦИЗМ МЕКТЕБІ.
 14. НЕОПЛАТОНИЗМ ФИЛОСОФИЯСЫ: ПЛОТИН.
- СӨЖ** БЕН **СОӨЖ-ГЕ** ТАПСЫРМА (ТҮПНҰСҚАЛАР).
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ.

Античный мир



1. АНТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ

- **Антика философиясының** мың жылға жуық тарихы бар. Ол **ертедегі Грецияда** б.д. д. VI ғасырда пайда болып, Рим империясы құлағанға дейін (б.д. V ғ.) өмір сүрді.
- **Әлемнің рационалдық ұғымын бейнелеу**, өзін-өзі көрсетудің рухани жаңа тәсілін қалыптастыру антика философиясында өзіндік ерекшелігін тапты. Бұл философияға ежелгі Шығыс мәдениеті, білімі тікелей әсерін тигізді. Бұл әсерді ғылыми-практикалық білімдер жүйесінен (астрономия, геометрия, математика) көреміз.
- Оның өзіндік ерекшелігі **космоцентристік**, яғни **«ғарыш» пен «табиғатты» ой елегінен өткізуге** бағытталғанында. Антика ойшылдары шығармаларында **адам санасы мен жаны табиғаттың бөлінбес бөлігі есебінде** қарастырылып, ерекше орын алады.
- Ежелгі грек философиясы дамуын төмендегі сатылармен ерекшелеуге болады:

1- кезең: СОКРАТҚА ДЕЙІНГІ (б.з.д 7-5 ғғ.)


2- кезең: КЛАССИКАЛЫҚ (б.з.д. 5 – 4 ғғ.)

3 – кезең: ЭЛЛИНИСТІК (б.з.д. 4 – 2 ғғ.)

4 – кезең: РИМДІК (б.з.д 1 ғ. – б.ғ. 5)

АНТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯНЫҢ МЕКТЕПТЕРІ

ОСНОВНЫЕ ШКОЛЫ АНТИЧНОЙ ФИЛОСОФИИ



2. МИЛЕТ МЕКТЕБІ: ФАЛЕС, АНАКСИМАНДР, АНАКСИМЕН

Милет мектебі б.з.д. VI ғасырда Грецияның Милет қаласында алғашқы ғылыми және философиялық орталығы есебінде пайда болды.

Фалес (б.д.д. 625-545 жж.) осы мектептің негізін қалаушысы ретінде танылады.

Фалес бойынша қоршаған дүниенің бастамасы – су.


Мұхиттар жерді қоршаған сақина сияқты, ал жер – суда қалқып жүрген ағаш тәрізді.

Фалес ұғымы бойынша, барлық заттың жаны бар, мысалы: магниттің жаны бар, сондықтан темірді тартады. Мұндай көзқарас философияда **гилозоизм** (грекше *hyle* – материя, *zoe* – өмір, *тірі деген сөздер*) деп аталады. Демек, дүниедегі барлық заттың ішкі қозғаушы күші – жаны болады.

Фалес **«Бәрінің негізі не?», «Әлем неден тұрады, оның алғашқы бастауы қандай?»** деген сұрақты тұжырымдаған және осы сұрақ шешімі туралы пайымдауларын қалдырған ойшыл.

Плутарх Фалестің берілген сұрақтарға келесі жауаптарды айтқанын мәлімдейді:

- Бәрінен жасы үлкен кім? – Құдай, өйткені ол тумаған;
- Бәрінен де не үлкен? – Кеңістік, өйткені ол бүкіл дүниені қамтиды;
- Ең әсем не? – Дүние, өйткені әсемдіктің бәрі соның құрамында;
- Бәріне не ортақ? – Үміт. Қолында еш нәрсе жоқтардың да өмірден үміті бар т.б.



ФАЛЕС

625-547 гг . до н.


э.



ФАЛЕС МИЛЕТСКИЙ

2. МИЛЕТ МЕКТЕБІ: ФАЛЕС, АНАКСИМАНДР, АНАКСИМЕН

- Милет мектебінің тағы бір мүшесі **Анаксимандр** (б.з.д. 611-545 жж.) – ерекше философиялық тұжырымдама негізін қалаушы, ғаламның бастауы түсінігін **архе** (грекше *arche* – бастау деген сөзі) түсінігіне дейін ұлғайтушы.



Анаксимандр бойынша алғашқы бастау – жалғыз, уақыттан тыс, шексіз, мәңгі өлмейтін барлық әлемді қамтитын **субстанция** – **апейрон**. Ол – сапалық сипаттамасы жоқ және мөлшері (саны) шексіз заттық бастама, бар ғаламның негізі.

- Алғашқы субстанция (**апейрон**) жерде бар әр түрлі затқа (жер, су, ауа, от) ауыса алады. Әлемнің бізге қалай көрінетіні мен оның шын мәнінде қандай екені арасында айырмашылық бар, оны танып білу үшін бастапқыда сезімдік әлем зерттелуі керек. Сезімдік әлем тек нақты өмір сүретін объективті дүние көрінісі болады.
- Анаксимандр гректердің күнделікті тұрмыстық өміріне күн сағатын кіргізді, оның жер шарының Еуропа мен Азиялық бөлігі бейнеленген географиялық карта жасағаны туралы да мәлімет бар.


АНАКСИМАНДР
610-540 гг . до н.э.

2. МИЛЕТ МЕКТЕБІ: ФАЛЕС, АНАКСИМАНДР, АНАКСИМЕН

- Милет мектебінің көрнекті мүшелерінің бірі **Анаксимен** (б.д.д. 560-480жж. шамасы) болды.

Анаксимен барлық ғаламның бастауы – ауа деп қарастырады.

- Ауа қоюлануы арқылы, алғашқыда **суға**, одан **ары қоюланып**, жерге және ең соңында **тасқа** айналады. Анаксимен ғаламдағы барлық көптүрлілікті ауаның қоюлану дәрежесімен түсіндіреді, отты шиеленісті жағдайы бәсеңдеген ауа ретінде болжайды...
- Ауа **шексіздік** қасиетіне ие болған. Жан мен дененің және барлық ғаламның бастау көзі бола отырып, ауа, тіпті, құдаймен қарым-қатынаста да бірінші. *«Ауаны құдайлар жасаған жоқ, олардың өзі ауадан пайда болады, біздің жанымыз сияқты, ауа бәрін қолдайды және барлығын басқарады»*, – деп пайымдайды.
- Милет мектебі өкілдерінің көзқарастарын қорытындыласақ, онда **материалдық бастау негіз** болған әлемнің өмірге келуі табиғаттан тыс күштердің араласуынсыз түсіндірілгенін көреміз. Мұнда ғаламның толық бейнесін беруге талпыныс жасалды, дегенмен оның көптеген бөлігі егжей-тегжейлі қарастырылмады. Осыдан **Милет мектебі ойшылдарының материализмі стихиялық** немесе **қарапайым** деңгейде қалды, қоршаған ортаны толассыз қозғалыста, өзгерістерде қарастырулары алғашқы **диалектикалық** түсініктерге алып келді.



АНАКСИМЕН

Н

акмэ 546-528/5


ҒҒ . ДО Н.Э.

3. ГЕРАКЛИТ ЭФЕССКИЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Ертедегі грек философтарының материализмі мен диалектикасы **Гераклит** (б.з.д. 544-383 жж.) ілімдерінде өз жалғасын тапты. Біздің уақытымызға үзінділер түрінде жеткен, түсінікке қиын **«Табиғат туралы»** атты еңбегі авторға **«қараңғы»** деген лақап есімнің таңылуына себепкер болды.

Гераклит барлық әлемнің негізі, алғашқы бастауы от деп есептеді.

- Оның ойынша, **ғалам бүтін**, бірегей, құрлықтарды ешкім жасамаған, ол – **барлық уақытта болған, бар және біресе жанып, біресе сөнетін мәңгі тірі от**. Ғалам пайда болғанға дейін от бірнеше өзгеріске ұшырайды. От суға айналады, ал су әлемдік құрылымның тұқымы, ұрығы болады. Су жер мен ауаға айналады. Ең соңында, барлық **стихиялардың**, отқа кері айналу үдерісі жүзеге асады. Оның ойынша, от – өзгерістерді реттеуші (қисын, парасат), «барлығын басқарушы найзағай». Ал ғарыш үйлесімді, үндестік жағдайында болады, өйткені **«бәріне – біреу және біреуге – бәрі»**.
- **Гераклитті** шын мәнінде, толық негізде **гносеологияның** (таным туралы ілім) негізін қалаушы деп атауға болады. Ол **бірінші болып сезімдік және рационалдық (ақыл-ой, парасат)** танымдардың аражігін ашты. **Таным сезімнен басталады** десек те, олар адамның тек сырттай қабылдауға негізделген пікірін қалыптастырады. Сондықтан **сезімдік танымның нәтижелері адамның ақыл, ойымен қайта өңделуі** керек.



ГЕРАКЛИТ

540-480

гг . до н.э.



3. ГЕРАКЛИТ ЭФЕССКИЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Гераклит әлемде бірліктің болатынын және оның қарама-қарсылықтардың бір-біріне сай келуінің нәтижесі екендігін көрсетеді.

«Бәрі бірлікте және бәрі қарама-қарсылықтардан тұрады».

ЛОГОС (қисын, ойлау туралы ғылым) дегеніміз – **қарама-қарсылықтар бірлігінің** іске асуы, оның нақты түрдегі көрінісі.

Күрес (төңкеріс) заңды да қажетті, өйткені ол әлемді жасаудың, жаңартудың қайнар көзі болады. **«Төңкеріс – бәрінің анасы, бәрінің әміршісі»**, ол қарама-қарсылықтардың бірігуімен, олардың үндестігінің орнауымен аяқталады.

Ертедегі Грецияда диалектикалық пікірлердің дамуы да Гераклиттің атымен байланысты. Оның кең танымал болған **«бәрі ағымды және бәрі өзгереді»**, **«бір өзенге екі рет түсе алмайсыз»** т.б. пікірлері **стихиялық диалектика** деген атауға ие болды.

Мысалы, бір қарағанда өзен сол өзен болып көрінгенімен, оның суы өне бойы ағыста, жаңарып отырады. Екінші рет өзенге түскенде, алғашқы су орнын ауыстырып, ағып кеткен. Гераклиттің шәкірті Кратил: **«Біз бір рет те өзенге түсе алмаймыз, өйткені біз суға еніп жатқанда, олар сол сәтте де ағып жатады, бірін-бірі ауыстырған жаңа су толқындары келеді, біз де сол сәтте өзгереміз»**, – дейді. Демек, сезімдік, материалдық ғалам қалыпты қозғалыс пен өзгерісте болатын бүтін ретінде қарастырылады.

- Гераклиттің саяси-қоғамдық пікірлері де көңіл аударарлық. Мысалы, ол **«Халық заң үшін қаланың қабырғасы үшін соғысқандай шайқасуы керек... ал қылмысты өрттен де тез сөндіру керек»**, – дейді.

4. ЭЛЕЙ МЕКТЕБІ: ПАРМЕНИД, ЗЕНОН

Антика философиясының танымал мектебінің бірі – **Элей мектебі**. Оның философиялық көзқарастары **Ксенофон** (б.д.д. 580-490 жж.), **Парменид** (б.д.д. 540-480 жж.), **Зенон** (б.д.д. 490-430 жж.) ілімдері арқылы беріледі.

Элей мектебінің ұстанымдары Парменид философиясында белгілі бір нақтылыққа ие болған. Ол Гераклитке қарсы шығып, еш нәрсенің де өзгермейтіні туралы пікірін білдірді. Элейліктер **рационализмнің** (ақыл-ой, парасат танымы) **негізін** қалаушылар болып есептеледі, өйткені олар объективті шындықтың ұғымдағы бейнесіне жақын келді.


Парменид **Болмыс ұғымын** енгізе отырып оның қасиеттерін сипаттады: а) **болмыс** пайда болған жоқ, ол **ешқашан жойылмайды**, өйткені оның табиғаты уақыттан тыс; б) **болмыс жалғыз және бүтін**, бөлшектенбейді; в) **болмыс шыңдалған**, жетілген және қозғалыссыз дегені.

Парменидтің ойынша, **оймен қамтылатындардың бәрі – болмыс. «Ойлау мен болу – бұл бір нәрсе»**. Мүмкіндік өмір сүреді, ал болмыссыз ой ештеңе емес. **Болмыстың жоқтығы, бейболмыс (затсыздық) өмір сүрмейді**, өйткені ол туралы ойлау және айту мүмкін емес. Демек, **болмыс пен бейболмысты (болмыстың жоқтығын) бір уақытта мойындауға болмайды**.


Парменидтің таным теориясында «ақиқат» және «пікір» түсініктерінің айырмасын жасады. Пікір – бұл ішкі, қайшылықты, сезімдік, алдамшы көрініс. **Ақиқат – мүмкіндік әлемі, болмыстың мәңгі және бірліктегі әлемі**.

4. ЭЛЕЙ МЕКТЕБІ: ПАРМЕНИД, ЗЕНОН

- Элей мектебінің тағы бір белсенді мүшесі – **Зенон**. Оны Аристотель *«диалектиканы ойлап шығарған маман»* деп бағалайды. Субъективтік диалектика өкілінің белді мүшесі **Зенон** тек **логикалық дәлелдеуге болатындар ғана өмір сүреді** деп есептеді. Ол қырыққа тарта **шешілмейтін қисынсызды – апорияларды** тұжырымдады, олардың көбі **«Стадий»** («Қозғалыстағы денелер»), **«Ахиллес пен тасбақа»**, **«Садақ»** танымал болды.
- Зенон еңбектерінің негізгі жақтары – Парменидтің көзқарасын қолдау, қозғалыстың жоқ екенін, болмайтынын көрсетуге ұмтылу. Мысалы, *белгілі бір нәрсе қозғалып, шыққан жерінен басқа нүктеге жетуі керек. Бірақ, ол мүмкін емес. «Неге?» «Өйткені, зат алдағы нүктеге жету үшін қашықтықтың жартысын, ол үшін – жартының жартысын өтуі керек, т.с.с. шексіздікке кете береді. Олай болса, зат қозғалмайды, бір орнында қала береді».*
- Тағы бір мысал: *«Садақтан атылған оқ тұрақты қозғалмай, уақыттың әрбір сәтінде белгілі бір кеңістік бөлігінде орын алады. Келесі сәтте кеңістіктің келесі бөлігінде тұрақтайды. Ал тұрақтаулар қосындысы тұрақтылықты береді. Олай болса, атылған оқ қозғалмайды»,* – дейді Зенон.



Парменид





5. АТОМИСТЕР МЕКТЕБІ: ДЕМОКРИТ ФИЛОСОФИЯСЫ

Атомистер дүние «**атом**» және «**бос қуыстан**» тұрады деді. Атомдар материяның бөлінбейтін, өзгермейтін, мәңгілік, үнемі қозғалыста болатын бөлшектері.


• **Демокриттің** (б.з.д. 460-371 жж.) элеаттардан айырмашылығы – **екі бастама** – болмыс пен бейболмысты (болмыстың жоқтығын) мойындауы. Ол сезімдік тәжірибеге сүйеніп, дененің, кеңістіктің өмір сүретіні, кеңістіктің бір денені екіншіден бөлектейтіні туралы қорытынды шығарады.

• Демокриттің **кеңістігі** – заттарды ажырататын, бір-бірінен бөлектейтін құрал. Сондықтан ол күрделі заттардың ішкі құрамдас бөліктерін (атомдарын) бір-бірінен оқшаулаушы және олардың орналасатын кең ыдысы сияқты көзге түседі. Кеңістік – заттарға және оның бөлшектерінің қозғалуына, орын ауыстыруларына мүмкіндік береді. **Кеңістіктің шектелуі** – атомдардың (бөлінбейтін бөлшектердің) «кішілігі себебінен көрінбейтіндігінің» куәсі. Сондықтан олар сезіммен емес, ақыл-парасатпен ұғынылады.

• Демокриттің ойынша, **атом бөлінбейтін физикалық дене** дегенмен де, ол математикалық шама есебінде бөлшектенеді. **Кеңістік** – атомдар орналасатын шексіз кең ыдыс, оның шексіздігі сияқты атомдардың мөлшері де шексіз. Атомдарды ретті орналасуымен, түрімен, көлем айырмашылығымен салыстыруға болады.



Плачущий Гераклит и смеющийся Демокрит



5. АТОМИСТЕР МЕКТЕБІ: ДЕМОКРИТ ФИЛОСОФИЯСЫ

Демокрит атомдардың мәңгілік қозғалысының **үш түрін** бөлектейді: *біріншісін* ретсіз орын ауыстырумен байланыстырды; *екінші түрін* – құйынды ағым, атом құйыны біртекті атомдардың бірігуіне және әртекті атомдардың ажырасуына жағдай жасайды деп ой түйеді.

Ұқсастың ұқсасқа тартылысы деп аталған атомдар қозғалысы арқылы белгілі бір заңдылық дүниеге келеді.

Атом құйыны үдерісінде әлемдік құрылымдар қалыптасады; *үшінші түрі* ғарыштық денелердің «бу» болып көрінуінен тұрады. Бұларға иістер жатады.

• Демокрит әлемдегі болып жатқанның бәрінің өзіндік себебі бар, сондықтан кез келген құбылыс қажеттіліктен пайда болады деп есептеді. *«Ешбір зат себепсіз пайда болмайды, бәрі де белгілі бір негізде, қажеттіліктен туындайды»* дегенге ол ерекше көңіл аударады. *«Болып жатқанның өз мәніндегі себебін табу – танымның басты мақсаты»* деп көрсетеді... *Таным, – дейді ол, – сезімнен ақыл-ойға өтеді. Ақыл-ой танымы – сезімдік танымның жалғасы. Ақыл – өте нәзік байқау мүшесі, сондықтан бұл – өзгеше «қисынды көру».*

• Демокриттің тәжірибеден тыс оймен, парасатпен танылатын атом тұжырымдамасының тарихи маңызы болды. Ол XVII-XVIII ғасырларда әлемнің ғылыми-жаратылыстық бейнесінің негізіне алынды.




ДЕМОКРИТ

б.з.д. 460-371

жж.

Познавательная модель античности



Космос - «порядок»

Фюсис - «природа, первопричина»

6. ПИФАГОР МЕКТЕБІ

Ертедегі Грецияда ең бір маңыздысы – **Пифагор** (б.д.д. 580-500 жж.) мектебі. Ол сұлулықты сандық пропорцияға теңестірді (90-60-90).

Пифагор бойынша қоршаған ортаның бастамасы – сан.


Пифагор ғылым саласы ретінде **математиканың негізін** қалаған оның философиялық көзқарасы көп жағдайда математикалық түсініктермен байланыстырылады. Ол **«бәрі де сан болады», «барлық заттың сандық мәні бар»** деп, әлем түсінігінің тек бір жағын ашты, яғни мөлшерлік, сандық өлшемділігін айтты.

Пифагордың ойынша, сезімдік танымның объектілерінен гөрі, ой объектілері шын өмір сүреді, өйткені санның уақыттан тыс табиғаты бар, демек мәңгі. Олар – заттардың «табиғаты», нақты заттардан жоғары тұратын белгісіз шынайылық.

Осы аталған пікірлер Пифагордың **рационалистік діннің** негізін қалаушы екенін көрсетеді. Оның ойынша, сезім арқылы емес, парасат көмегімен ғана түсінуге болатын, мәңгі өмір сүретін әлем бар.

Пифагор – **ғарышты, ондағы барлық затты санмен орнатылған тәртіп** есебінде белгілеген бірінші адам. Бұл тәртіпке ақыл, оймен қол жеткізуге, ұғынуға, жете түсінуге, әлемді бүтіндей жаңаша көруге болады.

Әлемді тану үдерісі – Пифагордың ойынша, оларды басқаратын сандық мөлшерді тану. Бірлік сандар жүйесінің негізі, математикалық білім таза ой негізінен алынады. Ойды сезімнен жоғары қойған ойшыл сезімдік әлемді математикалық идеалға еріксіз енгізді.




ПИФАГОР

2-я половина 6

в.

– начало 5 в.

PITAGORAS DE SAMOS




7. СОФИСТЕР МЕКТЕБІ: ПРОТАГОР, ГОРГИЙ

- **Софистерден** (грекше *sophia* – даналық деген сөз) – грек философиясының рационалистік дәуірі басталады. Б.д.д. V ғасырда арнайы даналықтың, **шешендіктің кәсіби ұстаздарын дайындайтын философиялық мектеп, білімді басқаларға ақы алып үйретушілер** ретінде қалыптасуына халық жиналыстарында, соттарда айқын, дәлелді сөйлеуге деген сұраныстар себепші болады.

Басты өкілдері – **Протагор, Горгий, Гиппий**. Софистер дау кезінде **«софистика»** деген атаққа ие болған әдісті, икемді ойлаудың объективті және субъективті түрлерін қолданды.

- **Софистердің басты мақсаты – ақиқатқа жету емес**, тыңдаушылардың көзін жеткізуге бағытталған шеберлік. Сондықтан, **риторика – шешендік өнері** бірінші орынға шығады. Олар объективті ақиқатты жоққа шығарып, ақиқат әр уақытта субъективті дегенді дәріптейді. Басты назарын **адамға және оның таным мүмкіндіктеріне** аударады.
- Софистер арасындағы кең танымал тұлға – **Протагор** (б.з.д. 481-411 жж.) Протагор егер сотта жеңіске жетсе, оқытқаны үшін ақша төлеуі туралы оқушысы Еватлмен келісімге келеді. Бірақ, Еватл асықпайды. Протагор Еватлға: *«Мен сені сотқа беремін»*, – деп қорқытады. *Еватл оған: «Келісім бойынша мен сотта жеңіске жетсем ғана төлеймін, мен әлі бір сотта ұтқан жоқпын»*, – деп жауап береді.
- Сонда Протагор: *«Егер мен сотта сені ұтсам, онда соттың шешімі бойынша сен төлейсің, егер сен ұтсаң, онда келісім бойынша төлейсің»*.
- Еватл оған: *«Егер мен ұтылсам, келісім бойынша төлемеймін, ал егер ұтсам, онда соттың шешімі бойынша төлемеймін»*.

СОФИСТЕР



Протагор



Горгий



7. СОФИСТЕР МЕКТЕБІ: ПРОТАГОР

- Осындай софизмдер негізінде **Протагор** «әр нәрсе жөнінде бір-біріне қарама-қарсы пікірлерді айтуға болады» деген тұжырымға келеді. Ал мәселенің бір жағына шығу керек болса, оның кепілі – адамның өзі. Осыдан софист Протагор уақытында кең танымал болған

«Адам – барлық заттың өлшемі, дүниенің барының бар екенін, жоғының жоқтығын көрсетеді» деген пікірін айтады. **«Адам – өлшем»** дегеніміз, зат маған қандай болып көрінсе, ол сондай, ал саған керісінше көрінсе, ол сен үшін сондай.

- Протагордың айтуынша, **бәрі де салыстырмалы**, еш жерде соңғы ақиқат, құнды моральдық қағидалар, нормалар т.б. жоқ. Демек, өз пікіріңді дәлелдей біл, айтыста өз ойыңның артықшылығын көрсет, қарсы пікірдің әлсіз жағын табуға талпын.
- *«Адам қарастыратын ақиқаттың бәрі салыстырмалы болса, оларды салыстырып, пайдалысын таңдай біл, оны басқаларға дәлелдеп, көздерін жеткіз. Сонда ғана даналық деңгейге көтерілуге болады»*, – дейді Протагор.
- Софистер дүниенің қайшылығын ақыл-оймен бейнелеу арқылы жасалатын пайымдаудың аумалы-төкпелі, іштей қайшылықты болатынына көз жеткізеді. **Логика, риторикада** осы кезге дейін ғалымдарды ойландыратын проблемаларды көтерді. Мысалы, *«Егер алдаушы мен алдадым десе, онда оның шындықты айтқаны»* деген пікірдің шешімі осы уақытқа дейін табылған жоқ деп есептеледі.
- Софистер философиялық ойды ғаламдық проблемалардан адамның өмірі мәселелеріне бұрды, оны теориялық және практикалық деңгейде қарастырды. Б.з.д. V ғасырдың аяғынан бастап, бұл тақырып ертедегі грек философы **Сократ** еңбектерінде үлкен маңыздылықпен көзге түседі.

Строительство и архитектура



Акведук (г. Ним)



Акрополь (Афины)



Царь Кирены наблюдает за взвешиванием сильфия, ценного растения (блюдо из Лаконии) Около 560г. до н.э.



Театр (г. Аргос)



8. СОКРАТ ФИЛОСОФИЯСЫ


Классикалық кезеңге **Сократ, Платон, Аристотель** философиялары жатады.

• **СОКРАТ** (б.з.д. 469-339 жж.) философия тарихында үлкен орын алады. Афина қаласының тұрғыны, философы ретінде көптеген шәкірті болды. Олардың ішіндегі кең танымалы – **Платон**. Өз өмірінде бірде-бір жазба дерек қалдырмаған Сократ туралы мағлұматтар философия тарихшыларының еңбектері және оның шәкірттері арқылы жетті. Мұның себебі, кітапқа «сұрақ қоюға болмайды», – деп, жанды пікірлесуді мәтіннен жоғары қояды.


• Сократтың пайымдауынша, **адамның мәні – оның жан дүниесінде, жаны – оның ойлауға деген қабілеті, парасаты, адамгершілікке негізделген жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті**. Адамды дене емес, сана ретінде түсіну, жан дүниесін тәрбиелеу қажет: *«Сендер өз денелеріңді немесе байлықты, басқа заттарды бірінші ойламаңдар, ең алдымен өз жан дүниелеріңді тәрбиелеп, тазалаңдар, өйткені ізгілік байлықтан емес, байлық пен басқаның бәрі ізгіліктен шығады»*, – дейді. Ол адамды өзін-өзі танушы өнегелі жан иесі деп түсінді.

• Сократтың **ирониясы** мен **маевтикасы** адамның жан дүниесін жетілдірудің жолын көрсетеді. **Ирония** дегеніміз – талқыланып жатқан мәселе төңірегінде қарсылас адамға тұжырымдарының ішкі қайшылығын сұрақтар қою арқылы көрсетіп, ақырында оны:

«Менің білетінім – ештеңе білмейтінім» деген ойға әкелу.



СОКРАТ
470-399 гг. до н.э.



8. СОКРАТ ФИЛОСОФИЯСЫ

- **Маевтика** – сұхбаттың екінші сатысы. Мұнда жоғарыда талданған мәселе жөніндегі пікірлер салыстырылып, олардың ішіндегі ақиқатқа әкелетіндері таңдалады, дүниеге ақиқат келеді.
- Сократ **субъективтік диалектика** тәсілін жете зерттеді. Оның басты мақсаты – **ақиқатқа қол жеткізу**. Ақиқатқа сұхбаттан алынатын, түсіктердің мазмұнын нақтылауда пайда болатын, адам пікіріне бағынышсыз объективтік білім деп қарады.
- Материалдық әлемге қатынасында ол – **агностик**, өйткені **сыртқы ортаны тану мүмкін емес**. Оның орнына адамның жанын түсінуге жол ашық, оны танудың өзіндік философиялық мәні болады.

«Өзіңді өзің таны» – Сократ үшін барлық адамға ортақ рақымшылдықты табуды білдіреді. Яғни сенің рухыңа және денеңе не керек екендігін анықтау.

Жақсылық пен жамандық шекарасын ажыратқан ол адамның рақымшыл мінез-құлық ережесінің болатынын дәріптеді. Бақыт пен рақымшылдық бірдей, зұлымдық жақсылықты білмеуден туындайды.

9. ПЛАТОН ФИЛОСОФИЯСЫ

- Сократтың оқушысы ұлы ойшыл Аристокл (б.з.д. 427-347 жж.) өзінің кең жауырынды болғаны үшін **Платон** (кең жауырынды) деген лақап атқа ие болған. Өз өмірінде **34** диалог түрінде еңбек жазған және олар біздің күнімізге толық жеткен. Негізгі еңбектері: «Сократты жоқтау», «Критон», «Мемлекет», «Федон», «Парменид», «Софист», «Заңдар» т.б.

Платон – **объективтік идеализмнің** мазмұнын толық көрсетіп, ғылымға енгізген бірінші грек философы.

“Идея” – Платон философиясының басты ұғымы. Оның мәні: ой, идея, түсінік, сана әлемдерінің заттар әлемімен салыстырғанда алғашқы болатындығының мойындалуында.

Ол сезімнен тыс және оны тек қана ұғынатын ақылмен түсінуге болатынын айтады. Бұл әлем – «*физикалық галамнан жоғары тұрған өзіндік ой*», ой әлемі мәңгі және өзгеріссіз.


- Платонның **таным теориясы бойынша**, адамның туа біткен санасы болады, **еске түсіру арқылы** ол өзіне әлемді ашады. Затты өзінің барлық көріністерімен танудан бұрын, – дейді Платон, – заттардың мағынасын білу, демек ойды ақылмен пайымдау керек.
- Платонның түсінігінше, **таным** екі сатыдан тұрады. Таным бастапқыда **таза жанмен** жүзеге асырылады, өйткені ол дене дүниеге келгенше бәрін көреді. Денеге орналасқан жан адамның жетілуі барысында бұрын көрген өзінің білімдерін еске түсіреді. Платон мүмкіндігі болғанша сезім мүшелерінен гөрі тура жанға назар аударуға кеңес береді. Мұны **сөздің** көмегімен істеуге болады, – деп есептейді Платон, – ал **еске түсірудің негізгі тәсілі** – **диалектика, сұхбат**.



ПЛАТОН

427-347 гг. до н.

э.



ПЛАТОН МЕН АРИСТОТЕЛЪ




9. ПЛАТОН ФИЛОСОФИЯСЫ

- **Адам жан мен тәннің бірлігінен тұрады.** Тән – жан үшін түрме, қапас, ол өмірдің келеңсіздіктерін, қастандықты туындатады, егер жан тән құмарлығын қанағаттандыру үшін онымен бітісіп кететін болса, ол жанның өліміне әкеледі. «Жанға қамқорлық», тазару оның өнегелі өзгерісіне әкелетін ақыл танымы деңгейінде мүмкін болады.
- Платон жанды жегілген күймемен салыстырады: бір ат ой, сана әлеміне ұмтылса, екіншісі жерге тартады. Парасат осы екі ұмтылысты теңестіреді.
- Платон адам жанын үш категорияға бөледі: **парасат; ерік, құмарлық және сұқтану, ындын.**
- **Парасатты жан иелері – «данышпандар», философтар.** Олар жандарының табиғатына қарай игілікті мемлекетке талпынады, сондықтан олардың басты атқаратын қызметі – мемлекет басқару. Саясат дегеніміз – тек философтар ғана айналысатын жанды құтқарудың өнері. Олар парасатты жанның иесі, сондықтан әділеттіліктің, игіліктің жоғарғы құндылық болатынын біледі.
- **Ерік пен құмарлық басым жандар** – күзетші, жауынгер, әскерилер. Өздерінің ерік, күш, жаужүрек қасиеттеріне байланысты, бұл адамдардың атқаратын табиғи қызметі – мемлекетті қорғау.
- **Жанның сұқтануы, ындын** – материалдық және сезімдік ләззат алуға ұмтылу түрін иеленген адамдар – шаруалар, сатушылар, қолөнершілер. Қоғамның жүйелі дамуын қамтамасыз ету үшін бұлардың мақсатын қадағалап, іс-әрекеттерін шектеп, реттеп отыру керек.
- Платон тұрғызған ең жоғарғы мемлекетте адам жан түрлеріне байланысты құрылымға бөлінеді және тек өздеріне ғана тиісті қызметтерді атқарады. **Философтар мұндай мемлекетте қоғамды басқарып, ең жоғарғы сатыда тұрады.**

10. АРИСТОТЕЛЬ ФИЛОСОФИЯСЫ


Аристотель (384-322 жж.) – ертедегі грек елінің ұлы ойшылдарының бірі, Платон шәкірттері ішіндегі үздігі. **«Платон маған дос, бірақ ақиқат қымбатырақ»** деген қанатты сөзді айтқан ол, Платон ілімін байыпты сынға алады. Негізгі еңбектері: **«Метафизика»**, **«Органон»**, **«Категориялар»**, **«Никомахтың этикасы»**, **«Үлкен этика»**, **«Саясат»**, **«Экономика»**, **«Афинаның саяси өмірі»**, **«Риторика өнері»**, **«Өлең сөз туралы»** және т.б.

- Аристотель болмыс туралы өз түсінігін тұжырымдайды: **болмыс – түйсік арқылы қабылданатын заттар әлемінің өмір сүруі.**



**АРИСТОТ
ЕЛЬ**
384-322

Философияны Аристотель **“бірінші философия”** және **“екінші философия”** немесе **метафизика** және **физика** деп бөледі. Оның пікірінше, **метафизика** – барлық ғылымдардың арасындағы ең құндысы, өйткені, ол жоғарғы себептерді, дүниедегі қозғалыс пен дамудың себебі болып табылатын мәңгілік, денесіз және қозғалмайтынды, табиғаттан және сезімдіктен жоғарыны зерттейді.



• Аристотель себептердің немесе бастаулардың төрт түрін атап көрсетеді:

- Материалдық себеп немесе заттың **материясы**, яғни зат одан пайда болатын нәрсе. Бұл себеп “Неден?” деген сұраққа жауап береді. Аристотель материя жалпыға ортақ себеп, өйткені онсыз болмыс та жоқ деп есептеді. Ол енжар, түрсіз, қандай да бір түрге ену үшін керекті бастау. Қозғаушы себеп (қозғалыс) жалпы материядан нақты материяға баратын жолдан өтеді.

10. АРИСТОТЕЛЬ ФИЛОСОФИЯСЫ

- **Зат** – нақты болмыс, ал оның неден құрастырылатыны (материя) – бұл мүмкіншілік, болмыс қабілеттілігі. Оның ойынша, Платон дәріптейтін идеялар материалдық әлемді бейнелейтін түсініктер ғана, яғни **заттардың көшірмесі болады.**
- **Форма** – заттың материясын қалыптастыратын, оны нақты осы затқа айналдырушы себеп, “Бұл не?” деген сұраққа жауап береді.
- **Қозғаушы себеп**, яғни қозғалыстың бастауы, “Қозғалыс қайдан басталады?” деген сұраққа жауап береді.
- **Мақсат себеп**, немесе өзгерудің себебі, “Не үшін?” деген сұраққа жауап береді.
- **Физиканың зерттеу объектісі** – денесі бар және қозғалушы нәрсе. Аристотель қозғалыс деп кез-келген өзгерісті, мүмкіндіктің жүзеге асуын түсінеді және оның төрт түрін атап көрсетеді: *субстанционалдық қозғалыс* – пайда болу және жойылу;
- *сандық қозғалыс* – өсу және азаю; *сапалық қозғалыс* – айналу, альтерация (заттың басқаға айналуы); *кеңістіктік қозғалыс* – орын ауыстыру, трансляция.
- **Адамның жаны** оның мәні тәріздес немесе денесінің түрі ретінде өмірдің мағынасы мен бағыттылығын көрсетеді. «Жан тірі дененің бастауы мен себебі болады». Барлық тірілердің жаны болатынын меңзеген Аристотель оның үш түрін ажыратады:
- **Біріншісі** – көбейе алатын қабілеті бар және зат алмасуды жүзеге асыратын өсімдіктер иеленген жан.
- **Екіншісі** – жануарлардың үлесіне тиетін сезімдік жан, оның өсімдіктен айырмасы – түрді түйсіктің көмегімен қабылдау қабілетіне ие болуы.
- **Жанның үшінші түрі** – адамға тиесілі ақыл, мұның алғашқы екеуден айырмашылығы – «таниды және ойлайды».

10. АРИСТОТЕЛЬ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Аристотель философиясында адам және қоғам өмірі мәселелері айтарлықтай орын алған.

Оның **«Адам – саяси (қоғамдық) жануар»** деген сөзі кең таралып кетті.

Мемлекет белгісі барлық азаматтардың бақытын қамтамасыз етумен байланысты. Мемлекет – адам болмысының табиғи сұранысы, «мүмкіндігінше жақсы өмір сүру мақсатында өзі тәріздес адамдардың бір-бірімен қатынаста болуы». Құлдар «өз табиғатымен» бой ұсынуға міндетті деп, құлдық құрылымды жақтайды, әділетті деп есептейді.

- Аристотель **алты түрлі мемлекеттік жүйені** ажыратады. Олардың үшеуін – **монархияны** (жеке абсолютті билік), **аристократияны** (таңдаулы топ билігі), **политияны** дұрыс деп, ал келесі үшеуін – **тиранияны** (зорлық, рақымсыздық), **олигархия** (шағын топтың саяси, экономикалық үстемдігі) мен **демократияны** (халық билігі) дұрыс емес деп есептейді.
- **Этика** мәселелері Аристотель философиясында мәнді орын алды. Сонымен, Сократ өнегеліліктің негізгі қағидасын адам жанынан, Платон құдайлық идея әлемінен іздесе, Аристотель **моральдық қатынастардың әлеуметтік құрылымын тұрғызды** және өнегеліліктің негізгі қағидасын қоғамдық қатынастардан іздеді. Ол жеке, қоғамнан бөлектенген, аласталған адамдарда өнегелілік пайда болмайды, тек қана **қоғамда мінез-құлық рақымшыл, рақымсыз болуы** мүмкіндеп есептеді. **Рақымшыл мінез-құлық** өзінің саналылығымен, жақсы ниеті, мақсатты әрекетімен, бәрінен бұрын әділеттілікке жетуге талпынысымен ерекшеленеді. **Әділеттілік** деп Аристотель тек заңға сәйкес келетінді ғана түсінеді. Сондықтан кез келген заңды бұзушы – әділетсіз.

АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ МЕН АРИСТОТЕЛЬ



КИНИКТЕР МЕКТЕБІ: ДИОГЕН СИНОПСКИЙ



11. СТОИЦИЗМ МЕКТЕБІ

- Эллин дәуіріндегі ең бір дамыған **стоиктер** (Стои – айлақты қала) философиясы б.з.д. III ғасырда пайда болып, өз дамуында **ерте, орта, соңғы** болып үш түрлі сатыдан өтті.

- Стоиктер мектебінің негізін қалаушы **Китионнан шыққан ЗЕНОН** (б.з.д. 333-262 жж.) деп есептеледі. Мектептің әйгілі өкілдері **СЕНЕКА** (б.з.д. 3 ж. – б.д. 65 ж.) мен **МАРК АВРЕЛИЙ** (б.д. 121-180 жж.) болды. Стоиктер этика сұрақтарына үлкен назар аударып, **философияны этика, физика және логикаға бөледі**. Соның ішінде, **этика – философиялық білімнің орталығы**, негізі, егер философия жұмыртқа болса, **этика – оның сары** уызы, физика – ақуызы, логика – сыртқы қабығы деп тұжырымдайды. Стоиктер **барлық табиғатты жанды** деп қарастырған **гиллозоистер** болды. **Материя – энжар, керенау субстанция есебінде ақыл-ойдың (құдай) туындысы**. Денемен, болмыспен бірге денесіздер қатарына жататын «уақыт», «орын», «шексіздік» және т. б. **жалпы түсініктер (универсалилер)** де өмір сүреді.
- Болмыс ақылдан бағыт алатын заңдылықтарға ие, **бәрін тағдыр билейді** және бәрі мәңгілік алдын ала анықталған. *«Тағдыр кім жүргісі келсе, соны билейді, ал кім керек етпесе, сүйрейді»*, – дейді **Сенека**.
 - Бізге жеткен бір аңызда **Зенонның** ұрлық істеген өзінің құлын жазалағаны туралы айтылады. Философтың тағдырға сенетінін білмеген құлы: *«Маған тағдыр даусыз ұрлауды жазған»*, – десе, Зенон: *«Тағдыр таяқ жеуді де жазған»*, – деп жауап беріпті.

II. СТОИЦИЗМ МЕКТЕБІ

- Стоиктер бойынша адамның негізгі мақсаты – құмартудан құтылу, еріктілік таныту. **Байлықты аңсап, оның соңына түскен бақытсыз**, ол өзіне зардап әкелетін ізгіліксіз, ақымақ, ақылсыз адам. Стоиктердің айтуынша, мұндай адамдар халықтың көпшілігін құрайды.
- Стоиктер этикада *«егер адам барынша табиғатқа жақын өмір сүретін болса, бақытты болады, сондықтан ол өмірге керектің ең аз бөлігіне қанағаттануы керек»* дегенге көзқарасты ұстанады. Ал егер *«адам азбен шектелемін, ақыл-парасатпен өмір сүретін болса, ізгі және бақытты болады»* дегенді білдіреді.
- **Ақыл-парасат** адамның бар болмысының, яғни сана-сезімі және тәні бар жан иесі ретінде дамуының өн бойында **жетілуіне себепші** болады.

Басты қағидасы: **«Білемін және оған көнемін».**

Стоиктер **ізгіліктің төрт түрін** ажыратады: **а) ақыл-парасаттылық; б) ұстамды-сабырлылық; в) ерлік; г) әдептілік.**

Жауыздық (кемістік) дегеніміз – осы өмір салтына жасалатын кедергілер. Сондықтан **жауыздық түрлері** – ақылсыз-зердесіздік, жүгенсіз бетімен кеткендік, **қорқақтық, әділетсіздік** ізгілік түрлеріне қарсы тұрады.

- Ізгі пікірлермен қатар, стоиктер **адамның міндет-парыздары** туралы ойды да насихаттайды. Мысалы, *«адам тағдырға сәйкес өмір сүруі керек, сонда оның құдай бақылап сынаған, табиғатпен байланысты іс-әрекеті моральдық шыңдалады. Моральдық шыңдалу өмір салтына тек қана данышпандардың қабілеті жетеді, өйткені бұл жетістікке жету философиялық таным арқылы мүмкін болады»*, – дейді.

12. ЭПИКУР ФИЛОСОФИЯСЫ

Эпикур (б.з.д. 341-270 жж.) – *эпикуршілдік* деп аталатын, антика заманында кең тараған философиялық бағыттың негізін қалаушы.


Ол философияны адам өмірін бақытқа жеткізетін және қорқыныштан ада етуші деп түсінді. Осыдан эпикуршілдер **этикаға** үлкен көңіл қойды.

Басты қағидасы: **«Білемін, сондықтан бас тартамын»**

Демокриттің атомистік теориясын дамыта отырып, **Эпикур атомдар қозғалысына жаңа теориялық мән берді**. Эпикуршілдер Демокриттің тағдырға сенімін жоққа шығарды, атомдардың ауытқып кетуін адам еркіндігінің, бостандығының табиғи дәлелденуі деп қарастырады. Олардың ойынша, негізінде көптеген себептілік жатқан атомдар тәрізді, адамның мінез-құлқы да өздігінен қозғалатын қасиетке ие болады. Сондықтан қажеттілікті жеңу арқылы еркіндікке жол ашылады.

Таным теориясында Эпикур – Демокрит сияқты **сенсуалист** (сезімді танымның бірден-бір қайнар көзі деп санау). Тек қана сезімнің ақиқаттығы болмысқа барабар, «сезім қателеспейді», сезім танымның негізі, ақиқаттың белгісі болатыны дәріптеледі.

Сондай-ақ, **Эпикур** сол тарихи дәуірдің **атеисі**. Ол танымның мақсаты – адамдарды білімсіздіктен, ырымшылдықтан, ескі нанымнан, құдай және өлім алдындағы қорқыныштан құтқару, онсыз бақытты болу мүмкін емес деп есептеді.



ЭПИКУР
341-270 до н.
э.

12. ЭПИКУР ФИЛОСОФИЯСЫ

Негізінде **«сүйіспеншілік»** түсінігі жатқан Эпикурдің **этикалық ілімі** де өз уақытында кеңінен танылды. Ол **адам бақыты сүйсіну сезімін алуында** деп есептеді.

Тән сұраныстарын қанағаттандыру, ішкі жан дүние сезіміне тыныштық орнату оның рухани жағдайының тепе-теңдігі үшін керек. Адамның жаны осы қанағаттанудың нәтижесінде жайбарақат, алаңсыз тыныштыққа кенеледі. *«Парасатпен өнегелі және әділетті өмір сүрмей, жағымды тіршілік мүмкін емес және керісінше, жағымды өмір сүрмейінше, парасатпен өнегелі және әділетті тұрмыс құра алмайсың».*

- Этикалық қатынастарда қастық пен сүйіспеншіліктің өзара байланысына, әрекеттестігіне ой жіберіп, Эпикур **қастандықтардан арылуды ұсынады**, өйткені ол әр түрлі азап, жапа шегуді алып келеді. *«Тек қана сүйіспеншілікке жетіп, біз жағымсыз қасіреттерден арыламыз, – дейді ол, – ал бақытқа ұзақ оқу мен жаттығулар арқылы қол жеткізіледі».*



13. СКЕПТИКТЕР МЕКТЕБІ

- **СКЕПТИКТЕР** (грекше *skeptikos* – қарастырушы, зерттеуші, сынаушы деген сөз) б. з.д. IV ғасырда философиялық тұжырымдамасы білімнің барлық күшін жариялаған, бүкіл қоршаған әлемнің түсіндірілетінін дәріптеуге бағытталған мектеп ретінде пайда болды.

Скептиктер назарын **адам білімінің салыстырмалы болатынына** бағыттап, **ақиқаттың қандай да болмасын сенімді белгісінің болатындығына күмәнданды.**

Басты қағидасы: «Білмеймін, сондықтан қалай болса солай өмір сүремін».

Бір жағынан, бұл догмаға негізделген көзқарастарға қарсы күрес қаруы болса, екінші жағынан, адамның білуге деген құмарлығын шектеп, кертартпалыққа жол ашты.

- Скептиктік бағыттың негізін қалаушы және көрнекті өкілі Эллададан шыққан **ПИРРОН** (б.з.д. 360-270 жж.) ойынша, заттар сезімдік және парасат танымымен **аңғарылмайды, білдірілген пікірлер ақиқатқа жеткізбейді.** Ол: *«Заттар (құбылыстар) жөнінде еш нәрсені айтуға болмайды, өйткені олар бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі түйсіктер тудырады; біреулерге ол зат пайдалы, екіншілерге зиянды; адамдар заттан бәрі бірдей әсер алмайды, ой, пайымдаулары әр түрлі болады. Табиғат құбылысын адамның түйсігі, сезім мүшелері әртүрлі қабылдайды (күн сәулесі көзбен жарық, денемен жылу ретінде қабылданады). Адамның жандүниесі белгілі бір затты кез келген уақытта бірдей қабылдай бермейді. Заттар кез келген, басқа құбылыстармен бірге қабылданады да, әр жағдайда өзіндік ерекшелігімен көрінеді; бір тұжырымға оған қарсы екінші пікірді айтуға болады және олардың біреуі екіншісінен гөрі ақиқатқа жақын деп айту қиын. Сондықтан Дүние жөніндегі ақиқат тек Құдайдың қолында»,* – дейді.



14. НЕОПЛАТОНИЗМ ФИЛОСОФИЯСЫ: ПЛОТИН

- **НЕОПЛАТОНИЗМ (Жаңа Платоншылдар)** философиясының ең танымал мүшелері: **ПЛОТИН** (б.д. 205-270 жж.) оның шәкірті **ПОРФИРИЙ** (б.д. 232-304 жж.) және **ПРОКЛ** (б.д. 412-485 жж.). Жаңа платоншылдар ілімі өз бастауын **Платон** еңбектерінен және Плотиннің Шығыстан қабылдаған аңыздық және діни элементтерінен алады.

Дара (құдай) – жасампаз күш, барлығын туындататын жоғарғы болмыс. Материалдық емес құбылыс ретінде ол өзінің бостандығы мен еңбегінде, белсенділігінде шексіз.

Дара – барлығының себебі, «өзін-өзі жаратушы игілік», өйткені «оның еркі мен Ақыл – Дарадан тарайтын болмысы сәйкес келеді» ісінде қалыптасатын және өзін

Дарамен толықтыратын, өзі-өзіне қайта айналатын, жүзеге асатын айқындалмаған белсенділік. Бұл жерде бастапқыда ойлаудың мазмұны пайда болып, сосын ойдың өзі көрініс табады. Егер Дара барлық заттардың пайда болу мүмкіндігі, қабілеті болса, онда Ақыл – заттардың өте орынды жүзеге асуы.

- Ғаламды жасау үшін Дара Ақылға, түр мен ойлауды қабылдауы арқылы Жанға айналады. Шығармашылық күшке ие болатын ғаламдық Жан Ақылдан туындайды. Жан материяға қозғалысты енгізеді. Жан денесіз субстанция есебінде дененің бөлігі болатын қабілетке ие. Демек, ол «дара және көп нәрсе», сондықтан бір уақытта бөлінеді және бөлінбейді. Жан – денесіз әлемнің өзгерген, түрленген соңғы сатысы.

- Ғалам рухани бастаудың материяға әсерінің нәтижесінде дүниеге келеді. Сонымен Ақыл мен материяның ортасында ымырасыз күрес жүреді. Жарық – Ақылдың бейнесі, ал қараңғылық, түнек – материяның бейнесі. Дара – жарық, материя – түнек. Материя – жанның басқаша өмір сүруі. Жаңа платоншылдар: «Ақыл қараған уақытта гана керек болатын айна – материя», – дейді.



СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

- **Антикалық философия туралы түпнұсқаларға жазбаша және ауызша анализ жасаңыз.**
 - **Көне Грек философтарының еңбектерінен**

1. ФАЛЕС

- Милеттік Фалес бар заттардың бастауы – су деп тұжырымдады. (Бұл ер адам философияның бастаушысы деп есептеледі және Иониялық мектеп оның атымен аталды: себебі, философиялық ізін жалғастырушылар көп болды. Философияны Египетте зерттеп, ол Милетке үлкейген кезінде оралды). *Бәрі судан*, дейді ол, және *бәрі суға ыдырайды*. Бұл туралы ол, біріншіден, барлық жануарлардың бастауы сперма, ал ол ылғал дегеннен қорытындылайды; осылайша, барлық заттар өз бастауын, мүмкін, ылғалдан алады. Екіншіден, барлық өсімдіктер ылғалмен қоректенеді және ылғалдан жеміс береді, ал одан айырылса, кеуіп кетеді. Үшіншіден, Күн мен жұлдыздардың отының өзі де, космостың өзі секілді су буларымен қоректенеді. Осы себептен Гомер де су туралы мынадай пікір айтады: «Океан, барлығының ата-бабасы».

АНАКСИМАНДР

- Фалестің тыңдаушысы Анаксимандр болады... Ол бар заттардың бастауы – *шексіздіктің* белгісіз бір табиғаты, одан көк аспандар және олардағы космос дүниеге келеді. Шексіздік табиғатын ол мәңгі және ескірмейтін деп атайды және ол барлық космостарды қамтиды дейді. Уақыт, оның айтуы бойынша... дүниелердің-көк аспандардың тууы, болмысы және күйреуі мағынасында алдын-ала анықталған. Ол бар заттардың бастауы мен элементі – шексіз деп тұжырымдады, бастаудың осы есімін бірінші болып енгізді және одан басқа мәңгілік қозғалыс бар, онда көк аспандар дүниеге келеді деді.
-

СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

•АНАКСИМЕН

•Анаксимен, Эвристраттың ұлы, милеттік, бар болып отырғандардың бастауы – *ауа* деп тұжырымдады, себебі одан бәрі дүниеге келеді және оған қайтадан ыдырайды. «Ауамен толтырылған біздің жанымыз, – дейді ол, бізді тұтас етіп қалай бекітсе, дем мен ауа бүкіл космосты солай қамтиды» («ауа» мен «дем» мұнда синонимикалық қолданылады). Ол жануарлар қарапайым және біртекті ауадан және пневмадан тұрады деп ойлап, Анаксимандр секілді қателеседі, себебі барлық заттардың бір бастауы – материяның өмір сүруі мүмкін емес, бірақ жасаушы себепті де қабылдау қажет.

•(Фрагменты ранних греческих философов. –М., 1989.)

2. ГЕРАКЛИТ

- Бұл *логос* мәңгілік өмір сүріп келе жатса да, адамдар оны түсінбейді – ол туралы естігенге дейін де, алғаш рет естігенде де. *Бәрі осы логос бойынша жасалады* ғой, ал адамдар мен олардың әрбіреуін табиғаты бойынша бөліп және мәнін түсіндіре отырып баяндайтын осындай сөздерге және осындай істерге кіріскенде надандарға ұқсайды.
- Сондықтан да жалпыға ортақты ұстану қажет. Бірақ, *логос* жалпыға ортақ болса да, адамдардың көпшілігі өзіндік түсінігі бар секілді болып өмір сүреді.
- Өмір сүріп отырған барлық нәрселер үшін бір бұл космосты ешқандай құдай және ешқандай адам жаратқан жоқ, бірақ ол арасында жанып, арасында өшіп отыратын *мәңгілік тірі от* ретінде әрқашан болды, бар және бола береді.
- *Бір өзенге біз енеміз және енбейміз, өмір сүреміз және өмір сүрмейміз.*
- Құдай: күн – түн, қыс – жаз, соғыс – бейбітшілік, тоқшылық – аштық бәрі *қарама-қарсылықтар*. Бұл ақыл хош иістермен араласып, олардың әр біреуінен алатын рахаттың әртүрлі екені секілді әртүрлі аталатын от сияқты өзгереді. Ауру – денсаулықты, зұлымдық – ізгілікті, аштық – тоқтықты, шаршағандық – демалысты жағымды етеді.

СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

•ПИФАГОР

- Сенімді дос таба алмасаң, өзіңе-өзің дос бол.
- Білім мен даналықты бір нәрсе деп қарастырма.
- Сандарды, салмақ пен шаманы – әсем теңдіктің бала-шағаларын құдайы деп қадір тұт. Адами ұлы ізгілік – теңдік сандарда тұжырымдалады. Сандар – жердегі құдайдар.*
- Табиғат біртұтас және оған тең келер ештеңе жоқ: ол өзінің анасы және әкесі; ол құдайлардың Құдайы. Тек Табиғатты қарастыр, қалғандарын қарапайым адамдарға қалдыр.
- Ар-ұятың сенің жалғыз құдайың болсын.

•(Чанышев А.Н. Курс лекций по древней и средневековой философии.–М., 1991.).

•3. ПЛАТОН

• «ДИАЛОГТАР»

- айыптау сөздерінен кейін
- ...Менің жасайтыным – сендерді аралап, жасты да, кәріні де дене мен ақшаның емес, ол мүмкіндігінше жақсы болсын деп, *жанның қамын ең әуелі және бәрінен де көбірек ойлауға үгіттеу*; мен абырой ақшадан тумады, керісінше, абыройдан адамдарда жеке өмірде де, қоғамдық өмірде де ақша да, басқа ізгіліктер де болады деймін.

•Өлім жазасына кесу үкімі шығарылған соң

- Өлімнен құтылу қиын емес, одан әлдеқайда қиыны – *адамгершіліктік бұзылудан қашып құтылу: ол өлімнен тезірек жетеді...* Мына бір нәрсені де ескертейік: өлім – бұл игілік деп үміттенудің соншама негізі бар ғой! Өлім – екі нәрсенің бірі: өлу әлде ештеңе болмау дегенді білдіреді, өлген адам енді ештеңе сезбейді, әлде, егер де аңыздарға сенсек, жан үшін қандай да бір өзгеріс, оның осы жерден басқа жерге орын ауыстыруы. Егер ештеңе сезбесең, түс көрмейтіндей болып ұйықтайтын ұйқымен бірдей; онда өлім – таң қаларлық нәрсе.

•(Платон «Диалоги. Апология Сократа». – Харьков, 1999.).

СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

•«МЕМЛЕКЕТ»

•(Сократ, Главкон, Полемарх, Фрасимах, Адимант, Кефал)

- ...Егер де қандай да бір жұмысты өзіңнің табиғатыңа сәйкес және уақытыңда, басқа жұмыстарға алаңдамай істесең, барлығын үлкен көлемде, жақсырақ және жеңілірек атқаруға болады... Бізде етік тігу өнері табысты жүру үшін біз етікшіге егінші, немесе, тоқымашы, немесе үй салушы болуға талпынуға да тиым салдық; дәл осылай кез-келген басқа адамға біз өзінің табиғи қабілеттері бойынша жарайтын бір істі ғана тапсырдық, ол басқа ештеңеге алаңдамай, осы іспен өмір бойы айналысады, және, егер де уақытын өткізіп алмаса, табысқа жетеді.

•Философиялық жанның қасиеттері

- Философтардың табиғатына қатысты айтсақ, біз олар мәңгі бар және пайда болу мен жойылу оны өзгертпейтін болмысты оларға ашатын танымға қатты құштар деп келісуіміз керек... Және олар бүкіл тұтас болмысқа, оның бір де бір бөлігін, кішісін де, үлкенін де, бағалығы азын да, көбін де мүмкіндіктері жеткенше назардан тыс қалдырмай ұмтылады, яғни, арын сүйетін және ғашық болғыш адамдар сияқты жасайды.
- Философтың табиғаты ақылдың сай келушілігімен және туа біткен өткірлігімен ерекшеленеді.
•(Платон «Государство». – Харьков, 1999.)

4. АРИСТОТЕЛЬ

• “МЕТАФИЗИКА”

- Адамдардың бәрі табиғатынан білімге ұмтылады. Оның дәлелі – сезімдік қабылдауларға әуестік... Ал ғылым мен өнер адамдарда тәжірибе арқылы пайда болады. Себебі, Пол (софист, Горгийдің шәкірті) айтқандай, – және дұрыс айтқандай, – тәжірибе өнерді, ал тәжірибесіздік оқиғаны қалыптастырды.
- ...Ойша тұжырымдау туралы ғылымдар (*theoretikai*) жасау өнерлерінен (*poietikai*) жоғары. Осылайша, даналық дегеніміз белгілі бір себептер мен бастаулар туралы ғылым екені анық.

СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

- ...Егер дана адам туралы біз білетін пікірлерді қарастырсақ, біз мұнда, мүмкін, көбірек айқындыққа жетерміз. *Біріншіден, біз дана адам әрбір жеке зат туралы білімге ие болмаса да, мүмкіндігінше бәрін біледі деп болжамдаймыз. Екіншіден, біз дана адам деп адам үшін қиын және игеру оңай емес нәрсені танып-білуге қабілетті адамды санаймыз* (сезім арқылы қабылдау барлық адамдарға тән, сондықтан бұл жеңіл және мұнда тұрған дана ештеңе жоқ қой). *Үшіншіден, кез келген ғылымда басқаларға қарағанда дәлірек және себептерді анықтауға үйретуге қабілеттірек адам дана, және, төртіншіден, ғылымдардың арасындағы данасы одан алынатын пайдасы үшін қалаулысы емес, өзі үшін және таным үшін қалаулы болатыны, ал бесіншіден, көмекші ғылымнан көп басымы, себебі дана адам тәлім алуы тиіс емес, керісінше, тәлім беруі тиіс және ол басқаға емес, даналығы азырақ басқа адам оған бағынуы тиіс.*
- ...Даналық атауын бір ғылымға жатқызу керек: бұл *алғашқы бастаулар мен себептерді зерттейтін ғылым* болуы тиіс: игілік те, «не үшін болса, сол» да себептердің бір түрі ғой. Ал бұл жасау өнері емес екенін алғашқы философтар-ақ түсіндірді. Себебі, қазір де, бұрын да *таңдану адамдарды философиялық пайымдауға жетелейді... Біз еркін адам деп басқа үшін емес, өзі үшін өмір сүретін адамды атайтынымыз секілді, бұл ғылым да жалғыз еркін ғылым, себебі жалғыз ол ғана өзі үшін өмір сүреді.*
- ...*Бірінші себептер* туралы білімге ие болу қажет екендігі айдан анық: біз бізге бірінші себеп белгілі деп ойлағанда, әрбір жеке алынған жағдай туралы білеміз дейміз ғой. Ал себептер туралы төрт мағынасында айтылады: осындай бір себеп деп біз *мәнді*, немесе зат болмысының мәнін санаймыз (әрбір «неге» ақырында заттың анықтамасына әкеледі, ал бірінші «неге» себеп те, бастау да болып табылады); басқа себеп деп біз *материяны*, немесе субстратты (*υποκειμενον*) (аудармасы: «негізінде жатқан») санаймыз; үшінші деп — *қозғалыстың* бастауы қайдан болса, соны; төртінші деп — соңғыға қарсы жатқан себепті, атап айтсақ, «не үшін болса, соны», немесе *игілікті* есептейміз (себебі, игілік кез-келген пайда болудың және қозғалыстың мақсаты)...

СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

- Сондықтан да *ақыл* тірі тіршілік етушідегілердегі сияқты табиғатта да бар және ол әлемдік реттіліктің және бүкіл әлемдік құрылымның себебі дегендер оның алдындағылардың ойланбай айтқан пайымдауларына қарағанда ақылды болып көрінді
- *Диалектика философия танып-білетінді зерттеуге талпынады, ал софистика – шын емес, жалған философия...*
- ...Кезкелген философиялық білімге ортақ бастапқы табалдырық – *субстанция, сан және сапа. Бастапқы субстанция*, яғни түйсік арқылы қабылданатын нәрсе өз кезегінде оның *алғашқы атрибуттарын* түйсіну арқылы танылады. Бірақ түйсік оларды тікелей емес, сан және сапа арқылы қабылдайды. Кім де кім сан және сапа білімін меңгермесе, сол субстанция білімінен де хабарсыз. Философиядағы іргелі, нақ және толық білім – субстанцияны білу.

5. “ЖАН ТУРАЛЫ”

- Жанды танып-білу кез-келген ақиқатты танып-білуге, әсіресе табиғатты танып-білуге көп көмектеседі деп ойлаймыз... Жаны бар жаны жоқтан екі сипаты бойынша ерекшеленетін сияқты, олар: қозғалыс және түйсік... Жерді ешкім жан деп жарияламады, жан барлық элементтерден тұрады, немесе, ол барлығының жиынтығы деп айтқандар ғана болмаса.
- Сонымен, кез-келген жан үшін ортақ нәрсені анықтау керек болса, ол мынадай: жан дегеніміз мүшелерге ие табиғи дененің бірінші *энтелехиясы*... Бірақ қарашық пен көру көзді құрайтыны сияқты, жан мен дене тірі тіршілік етушіні құрайды... Сонымен, *жан – тірі дененің себебі және бастауы*.

•(Аристотель. Собрание сочинений в четырех томах. Т.1. – М., 1976.).

СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

СОФИСТИКАЛЫҚ ТЕРІСТЕУЛЕР ТУРАЛЫ

- Софистика – іс жүзіндегі емес, жалған даналық, және софист – іс жүзіндегі даналықтан емес, жалған даналықтан пайда іздейтін адам...
- *Пікірталас жүргізу үшін ғана және жеңу үшін ғана пайымдайтындар неше мақсатты көздейтінін ең әуелі анықтап алу қажет. Мұндай мақсаттар бесеу: теріске шығару; жалған; жалпы қабылданғанмен келіспейтін; сөйлеудегі кемістік және, бесіншісі – әңгімелесушіні боссөздікке, яғни бір нәрсені жиі қайталауға мәжбүрлеу.*
- *Софистикалық терістеудің екі тәсілі бар: бір терістеулер – сөз айналымдарына байланысты, басқалары – сөз айналымдарына байланысты еместер. Сөз айналымдарының негіздерінде алдамшы терістеу жасаудың тәсілдері алтау: аттастық, қос мағыналылық, біріктіру, бөлу, екпін немесе айту және жеткізу формасы... Диалектикада шебер адам – ой түйіндеу өнерінің көмегі арқылы сынайтын адам.*

•(Аристотель. Собрание сочинений в четырех томах. Т.2. – М., 1978.).

6. САЯСАТ

- Отбасы дегеніміз – күнделікті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін табиғи түрде пайда болған араласу. Бірнеше отбасынан тұратын және ұзақ уақытқа созылатын қажеттіліктерді орындауды мақсат еткен араласу – елді мекен.
- Мемлекет табиғатынан өмір сүретінге жатады, *адам табиғатынан саяси тіршілік етуші...* Бұл қасиет адамдарды қалған тіршілік етушілерден ерекшелендіреді: *тек адам ғана ізгілік және зұлымдық, әділеттілік және әділетсіздік және тағы сол сияқты ұғымдарды қабылдауға қабілетті...* Демократиялық құрылымның негізгі бастауы – еркіндік. Екінші бастау – әркімнің өзі қалай өмір сүргісі келсе, солай өмір сүруі; бұл ерекшелік еркіндіктің салдары дейді, ал құлдықтың салдары – қалауы бойынша өмір сүрудің жоқтығы.

СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

Сонымен, ең жақсы мемлекеттік құрылым ретінде оның ұйымдастырылуы әрбір адамға рахаттану және бақытты өмір сүру мүмкіндігін беретін мемлекеттік құрылымды тану қажет. Мемлекеттің өмір сүруін қамтамасыз ететін бірінші шарт – азаматтар жиынтығы... Мемлекеттегі адамдардың көп болуының пайдалы еместігі секілді, басқа заңдар жағдайында тәрбиеленген жатжұрттықтардың мемлекетте ұзақ уақыт болуы ондағы игілікті заңдылықты сақтауға пайдалы емес деп айтады...

• *Сонымен, біз мемлекеттің міндеттерін (erga) тізіп шығуымыз керек, сонда сұрақ түсінікті болады. Ең әуелі азық-түлік болуы тиіс; сонан соң – қолөнерлер; үшіншіден – қару-жарақ; өзіндік қажеттіліктер мен әскери қажеттіліктер үшін ақшалай қаржы қоры; бесіншіден, және бұл ең әуелі, діни жибадатқа қамқорлық жасау, яғни, абыздық деп аталатын нәрсе; санау бойынша алтыншы, бірақ ең қажетті – азаматтардың өзара қатынастарында ненің пайдалы, ненің әділетті екендігі туралы шешім...* Сонымен, мемлекет біз тізген міндеттерге сәйкес бөліктерден тұруы тиіс. Яғни, онда тамақпен қамтамасыз ететін жер жыртушылардың белгілі бір саны, қолөнершілер, әскери күш, ауқатты адамдар, абыздар мен ненің әділетті және пайдалы екендігі туралы шешімдер шығаратын адамдар болуы керек.

•(Аристотель. *Политика. Афинская полития.* – М., 1997.).

ЛЮЦИЙ АННЕЙ СЕНЕКА

•“АҒАМ ГАЛЛИОНҒА”

Адамның бойындағы ең жақсы нәрсе не? Ақыл-ой. ...жан-жақты жетілген ақыл-ой адамға тән игілік, ал қалған сезімдер жануарлармен ортақ.

• Өмір сүру үшін күресте жануарлар адамнан күштірек секілді болып көрінеді, бірақ табиғат адамға бұл әлсіз тіршілік етушіні жер бетінде ең күшті ететін екі қасиет: ақыл-ой мен қоғамды сыйлады.

•(Чанышев А.Н. *Курс лекций по древней и средневековой философии.* – М., 1991).

9. ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

•Негізгі:

1. Сәрсенова, Ж. Н. Әлеуметтану: ЖОО студ. арналған оқу құралы. - Алматы: Нұр-Принт, 2013. - 201 б.
2. Абдирайымова Г.С. Жастар социологиясы. 2-басылым.- Алматы: Қазақ университеті, 2012.-224 б.
3. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер.-Алматы: Эверо, 2011.-284 б.
4. Абдикерова Г.О. Әлеуметтану.-Алматы: Қазақ университеті, 2011.-192 б.
5. Биекенов Б.У., Садырова М.С. Әлеуметтану. Ұғымдар мен баламалар.- Алматы: Эверо, 2011.-400 б.
6. Әженов М.С., Садырова М.С., Омарова А. Білім социологиясы. Оқулық. - Алматы: Эверо, 2011.-124 б.
7. Сәрсенова Ж.Н. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.Алматы: Нұр-Принт, 2010.-238 б.
8. Абсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
9. Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы: оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2010.-240 б.

9. ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

• Қосымша әдебиеттер:

- **1. Акбаева Л.Н. Социология: Учебное пособие.- Алматы: КазГАСА, 2015.-242 с.**
- **2. Габдуллина К.Г. и другие. Социология. Учебник для студентов высших технических учебных заведений. – Алматы: Санат, 2007.**
- **3. Әлеуметтану. 2-кітап/ Жалпы ред. М.М.Тажин.-Алматы, 2005.-268 б.**
- **4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері: Оқу құралы.-Алматы: Экономика, 2004.-640 б.**
- **5. Дакенов Н. Абсаттаров Р.Б. Социология. – Алматы: Ғылым, 2004.**

• Электрондық басылымдар:

- **1. Акбаева Л.Н. Әлеуметтану: Электрондық оқулық. – Алматы: ҚазБСҚА, 2012-144 б.**
- **2. Акбаева Л.Н. Социология: Электронный учебник, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.**
- **3. Интернет ресурстары: www.sociology.ru**